

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 маусымдағы № 354 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 375 қаулысы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 маусымдағы № 354 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 36, 210-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мамандықтар топтарының атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Оқу жылы ішінде 1 маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыс (мың теңге)
	күндізгі оқу	
1	2	3
Техникалық мамандықтар	380	406,3
Техникалық мамандықтар (теңіз техникасы)	80	402,3
Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология мамандықтары	160	391,0
Білім беру мамандықтары	156	372,2
Спорттық білім беру мамандықтары	200	312,1

Мұнай-газ мамандықтары	300	842,2
Медицина мамандықтары	400	307,4
Барлығы	1 676	

"

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ